

## Прокуратура туралы

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2709 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 30 маусымдағы № 81-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 30.06.2017 № 81-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
**З а ң ы м е н .**

**Қ о л д а н у ш ы л а р            н а з а р ы н а !**

Қолданушыларға ыңғайлы болуы үшін РҚАО мазмұнды жасады.

### МАЗМҰНЫ

Ескерту. ҚР 1997.06.19 № 134 Заңымен енгізілген толықтырулар мен өзгертулер 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне кіреді, Нысаны мен тақырыбы өзгерді, кіріспе алып тасталды - 2002.08.09 № 346 Заңымен.

## 1 ТАРАУ

### Жалпы ережелер

#### 1-бап. Қазақстан Республикасының прокуратурасы

1. Қазақстан Республикасының прокуратурасы мемлекет атынан Республика аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының және өзге нормативтік құқықтық актілердің дәл және біркелкі қолданылуына, сотқа дейінгі іс жүргізудің, жедел-іздістіру қызметінің, әкімшілік және атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады.

2. Прокуратура кез келген заңдылық бұзушылықты анықтау және жою жөнінде шаралар қолданады, Республиканың Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен өзге де құқықтық актілерге наразылық жасайды, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді, сондай-ақ заңда белгіленген жағдайларда тәртіп пен шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.12.29 № 374-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **2-бап. Прокуратура қызметінің құқықтық негіздері**

Қазақстан Республикасы прокуратурасын ұйымдастыру, оның қызметінің тәртібі және прокурорлардың өкілеттігі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, осы Заң мен, заң актілерімен, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен, сондай-ақ Республика Бас Прокурорының бұйрықтарымен айқындалады.

**Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.08.09 № 346 Заңымен.**

## **3-бап. Прокуратура органдарын ұйымдастырудың және олардың қызметінің принциптері**

1. Қазақстан Республикасының прокуратурасы төменгі тұрған прокурорлар жоғары тұрған прокурорларға және Республиканың Бас Прокурорына бағынатын органдардың, ведомстволардың, мекемелердің және білім беру ұйымының біртұтас орталықтандырылған жүйесін құрайды.

2. Қазақстан Республикасының прокуратурасы өз қызметін басқа мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардан, саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктерден тәуелсіз жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының Президентіне ғана есеп береді.

3. Өздерінің заңда белгіленген өкілеттігін жүзеге асырған кезде прокуратура органдарының қызметіне араласуға тыйым салынады.

4. Заңда белгіленген негіз бен тәртіп бойынша шығарылған прокурорлық қадағалау актілері барлық органдар, ұйымдар, лауазымды адамдар мен азаматтар үшін міндетті.

5. Прокуратура органдары Республиканың азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды сақтау туралы заңдарына қайшы келмейтіндей деңгейде жариялы іс-қимыл жасайды.

**Ескерту. 3-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.12.29 № 374-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 374-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

## **4-бап. Прокуратура органдары қызметінің негізгі бағыттары мен мазмұны**

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарының үстемдігін қамтамасыз ету, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында прокуратура мемлекет атынан:

1) Конституцияның, заңдардың және Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуын жоғары қадағалауды жүзеге асырады;

2) Конституцияны, заңдарды, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын және өзге де нормативтік құқықтық актілерді бұзушылықтарды анықтайды және оларды жою шараларын қолданады;

3) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдарға және басқа да құқықтық актілерге наразылық жасайды;

4) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, заңды тұлғалар мен мемлекеттің заңды мүдделерінің сақталуын қадағалауды жүзеге асырады;

5) жедел-іздігі қызметінің заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады;

6) сотқа дейінгі іс жүргізудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады;

7) әкімшілік іс жүргізудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады;

8) атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады;

9) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардың норма шығармашылық қызметіне қатысады;

10) сотта мемлекет мүддесін білдіреді;

11) заңда белгіленген тәртіппен және шектерде қылмыстық қудалауды жүзеге асырады;

12) статистикалық көрсеткіштердің тұтастығын, объективтілігін және жеткіліктілігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастырады, арнайы есепке алуды жүргізеді, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында заңнаманың қолданылуын қадағалауды жүзеге асырады;

13) заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті үйлестіреді;

14) халықаралық құқықтық ынтымақтастық саласындағы заңдардың қолданылуын қадағалауды жүзеге асырады;

14-1) Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдары қызметкерлерінің, оның ішінде құқық қорғау органдары басшылығының президенттік резервінде тұрғандардың кәсіби деңгейін арттыруды жүзеге асырады;

14-2) құқық қорғау қызметі саласында ведомствоаралық ғылыми зерттеулерді үйлестіреді және жүргізеді;

15) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

**Ескерту. 4-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.12.29 № 374-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа**

енгізіледі); 29.10.2015 № 374-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **5-бап. Прокуратура органдарының жоғары қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметі**

1. Заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының, өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәл әрі бірыңғай қолданылуына жоғары қадағалау тексерулер және (немесе) заңдылықтың жай-күйін талдау жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

2. Заңдардың қолданылуына тексерісті прокурор өз өкілеттігі шегінде тексеріс жүргізу туралы қаулы шығарылғаннан кейін:

- 1) Қазақстан Республикасы Президентінің тапсыруына;
- 2) заңды бұзушылық туралы өтініштерге, шағымдарға, хабарларға және басқа да мәліметтерге;
- 3) заң бұзушылық белгілерінің тікелей анықталуына;
- 3-1) реттеуші мемлекеттік органдарға және жергілікті атқарушы органдарға тексерулер жүргізудің жартыжылдық жиынтық кестесіне;
- 4) жоғары тұрған прокурордың тапсыруына және сұрау салуына байланысты жүргізеді.

3. Тексерісті прокурор сондай-ақ өзге де тиісті құзыретті органға тапсыруы мүмкін, ол тексерістің нәтижелері туралы прокурорға заңда немесе прокурор белгілеген мерзімде хабарлауға міндетті.

4. Заңдардың қолданылуын тексеру бір ай мерзімнің ішінде жүргізіледі. Тексерісті тағайындаған прокурор жоғары тұрған прокурордың келісімімен оны жүргізу мерзімін ұзарта алады.

5. Прокурорлардың барлық іс-әрекеттері мен прокурорлық қадағалау актілері, егер олар осы Заңда және басқа нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіп пен нысандарда жасалған болса, заңда белгіленген салдарларға әкеліп саяды.

Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.12.29 № 374-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 374-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **6-бап. Прокуратура органдары қызметінің құқықтық кепілдігі**

1. Прокурордың өз өкілеттігін жүзеге асыруына кедергі келтіру немесе оған заңсыз шешім қабылдату мақсатында қандай да болсын нысанда ықпал жасау, сондай-ақ прокурорлардың қаулыларын, ұйғарымдарын, нұсқауларын, талаптарын орындамау заңмен белгіленген жауапкершілікке әкеліп соғады.

2. Прокуратураның талап етуі бойынша тиісті органдар мен өкілетті адамдар:

1) қажетті материалдар мен мәліметтерді өтеусіз және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып беруге;

2) тексеріске қатысу және қорытынды беру үшін мамандар бөлуге;

3) прокурорлардың қадағалау қызметін қамтамасыз ету және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өзге де қажетті шаралар қолдануға міндетті.

3. Прокурордың өз құзыреті шегінде берген талаптары (сұрау салулары, тапсырмалары, нұсқаулары) мемлекеттік органдардың, лауазымды, жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

4. Талап етілген ақпарат прокуратура органдарына заңдарда белгіленген нысандарда, сондай-ақ прокурор белгілеген тәртіп пен мерзімде беріледі.

5. Прокурорлардың өз құзыреті шегінде тексеру мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың, меншік нысандарына қарамастан, ұйымдардың үй-жайларына кідіріссіз кіруге, олардың басшыларында және басқа да лауазымды адамдарында кідіріссіз қабылдануға, іс материалдары тікелей сот ісін жүргізуде жатқан кездегі жағдайларды қоспағанда, құжаттар мен материалдарға сот істерімен танысуда қол жеткізуге және оларды соттан талап етіп алдыруға құқығы бар.

6. Лауазымды адамдар мен азаматтар прокурордың талап етуі бойынша айғақтар беру үшін оларға белгіленген уақытта келуге міндетті. Шақыру жазбаша хабарлама-шақырумен ресімделеді және қолхат алынып тапсырылады. Хабарлама телефонограммамен, жеделхатпен немесе оның тиісінше берілуін қамтамасыз ететін басқа байланыс құралдары пайдаланыла отырып та жіберілуі мүмкін.

7. Прокурордың заңды талаптарын орындамау не прокурордың талабы бойынша дәлелсіз себептермен келмей қалу Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады. Прокурор ұйғарымдары мен қаулылары орындалмаған жағдайда өз құзыреті шегінде оларды мәжбүрлеп орындатуға құқылы.

8. Прокурор, заңда көзделген басқа жағдайлар мен тәртіпті қоспағанда, өзі жүргізіп жатқан істер мен материалдардың мәні бойынша қандай да бір

түсініктемелер беруге, сондай-ақ оларды кімге де болсын танысу үшін беруге міндетті емес. Өзі жүргізіп жатқан тексерулер мен істердің материалдарын олар аяқталғанға дейін прокурордың рұқсатынсыз жария етуге ешкімнің құқығы жоқ.

Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.07.02 № 266, 2000.03.29 № 42, 2002.08.09 № 346, 2010.12.29 № 374-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **7-бап. Арыздарды қарау**

1. Прокуратура органдары заңдарда белгіленген тәртіппен заң бұзушылық туралы арыздарды қарай келіп, адамның және азаматтың, заңды тұлғалар мен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуын жою, бұзылған құқықты қалпына келтіру шараларын қолданады.

2. Егер адам бойындағы, психикасындағы немесе өзге де кемістіктері салдарынан өз құқықтарын қорғауды жүзеге асыра алмайтын болса, прокурор оны қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қолдануға міндетті.

3. Прокуратура органдары заңда белгіленген тәртіппен адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалар мен мемлекеттің мүдделерін қорғау жөнінде өздеріне жүктелген міндеттерді орындамайтын лауазымды адамдарды жауапкершілікке тарту шараларын қолданады.

4. Прокуратура органдарына қол қойылмай жасалған арыздар тексерілмейді, бірақ прокурор азаматтың мүддесі тұрғысында ақпарат көзін жария етпеуге хақылы.

## **8-бап. Прокурордың іс-әрекеттері мен актілеріне шағымдану**

1. Прокурордың іс-әрекеттері мен актілеріне жоғары тұрған прокурорға немесе сотқа шағым беруге болады. Прокурордың талаптары мен актілеріне шағым беру олардың орындалуын тоқтата тұрмайды.

2. Сот не жоғары тұрған прокурор прокурордың іс-әрекетіне немесе актісіне арыз (шағым) бойынша шешім шығарылғанға дейін олардың орындалуын тоқтата тұра алады.

3. Жоғары тұрған прокурор азаматтардың және (немесе) заңды тұлғалардың шағымдары бойынша не өз бастамасы бойынша төмен тұрған прокурор актілерінің күшін жоя алады не оларды қайтарып ала алады.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.08.09 № 346 Заңымен.

## **8-1-бап. Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті үйлестіру**

1. Прокуратура органдары құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіруді осы органдардың өзара іс-қимылына қол жеткізу, өзара ақпарат алмасу және ортақ міндеттер мен мақсаттарды іске асыру үшін олардың іс-әрекеттерін үйлестіру арқылы жүзеге асырады. Прокуратура органдары көрсетілген қызметті Бас прокуратураның, областардың прокуратуралары мен оларға теңестірілген прокуратуралардың жанынан құрылатын тұрақты жұмыс істейтін үйлестіру кеңестерінің шеңберінде жүзеге асырады.

2. Үйлестіру кеңестері өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Қазақстан Республикасының Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ережені Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

**Ескерту. Заң 8-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.12.29 № 374-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **8-2-бап. Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесін пайдалана отырып жүргізілетін ақпараттық-талдамалық қызмет**

1. Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесін пайдалана отырып жүргізілетін ақпараттық-талдамалық қызметті прокуратура органдары Республиканың Бас Прокуроры бекітетін талдамалық жұмыс жоспарларына сәйкес жүзеге асырады.

2. Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесін пайдалана отырып жүргізілетін жоспардан тыс ақпараттық-талдамалық қызмет үшін:

1) Республиканың Бас Прокуроры мен оның орынбасарларының тапсырмалары;

2) Республиканың Бас Прокуроры мен оның орынбасарларының келісімімен мемлекеттік органдардың негізделген сұрау салулары негіз болып табылады.

3. Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесін пайдалана отырып жүргізілетін ақпараттық-талдамалық қызмет мынадай факторларға сүйене отырып жүзеге асырылады:

1) құқық бұзушылықтардың профилактикасына бағытталған шараларды, оның ішінде заңнамалық шараларды тұжырымдау мақсатында теріс құбылыстарды анықтау;

2) құқықтық қатынастардың әртүрлі салаларында заңдылықты бұзу фактілері туралы сандық және сапалық мәліметтерді анықтау;

3) теріс құқықтық құбылыстардың профилактикасы және жолын кесу бойынша ұсыныстар тұжырымдау;

4) заңдылық пен құқықтық тәртіптің жай-күйін, оның ішінде өңірлер бөлінісінде сипаттайтын мәліметтерді зерделеу және қайта өңдеу.

Әрбір негіз бойынша ақпараттық-талдамалық қызметті жүзеге асыру қажеттілігін және олардың тізбесін Республиканың Бас Прокуроры қадағалау қызметі шеңберінде айқындайды.

Осы баптың 3-тармағында көзделген ақпараттық-талдамалық қызмет, әдетте, құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесінен алынған мәліметтерді, жеке тұлғалардың нақты дербес деректерін ашпай, иесіздендірілген түрде пайдалана отырып жүргізіледі.

Айрықша жағдайларда жеке тұлғалардың дербес деректерін пайдалана отырып жүргізілетін мұндай ақпараттық-талдамалық қызмет Республика Бас Прокурорының әрбір жағдай үшін жеке қабылданатын тиісті бұйрығының негізінде жүргізілуі мүмкін.

4. Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесінен алынған талдамалық ақпарат мемлекеттік органдарға тек қана олардың өз функцияларын жүзеге асыруы мақсатында, жеке тұлғалардың нақты дербес деректерін ашпай, ақпараттық-анықтамалық материал түрінде беріледі.

5. Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесімен интеграцияланған мемлекеттік, өзге де органдар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелерінде қамтылған электрондық ақпараттық ресурстардың толықтығы мен анықтығы үшін осы электрондық ақпараттық ресурстардың меншік иелері және (немесе) иеленушілері жауапты болады.

6. Ақпараттық-талдамалық қызмет, оның ішінде құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесін пайдалана отырып жүргізілетін ақпараттық-талдамалық қызмет Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына қатаң сәйкестікте жүзеге асырылады.

Ақпараттық-талдамалық қызмет кезінде құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесінде электрондық ақпараттық



ресурстарға қол жеткізуді және оларды өңдеуді прокуратура органдарының қызметкерлері қорғалған жеткізгіштерде сақталатын электрондық цифрлық қолтаңбаларды пайдалана отырып, сертификатталған компьютерлерде, жеке үй-жайларда жүзеге асырады.

Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесін пайдалана отырып жүргізілетін ақпараттық-талдамалық қызметті жүзеге асыру тәртібін, негіздерін және оны жүзеге асыруға құқығы бар прокуратура органдарының лауазымды адамдарының тізбесін (санаттарын) Республиканың Бас Прокуроры айқындайды.

7. Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады.

**Ескерту. 1-тарау 8-2-баппен толықтырылды - ҚР 24.11.2015 № 419-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).**

## **2 ТАРАУ**

### **Прокуратура органдарының жүйесі және оларды ұйымдастыру**

#### **9-бап. Прокуратура органдарының жүйесі**

Қазақстан Республикасының прокуратурасы органдарының біртұтас жүйесін Бас прокуратура, облыстардың прокуратуралары, республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасының прокуратуралары, ауданаралық, аудандық, қалалық және соларға теңестірілген әскери және мамандандырылған прокуратуралар құрайды.

Қазақстан Республикасының прокуратурасы жанынан прокуратура органдарының бірыңғай жүйесіне кіретін ведомстволар, мекемелер, білім беру ұйымы құрылуы мүмкін.

Прокуратура органдарының өз нышандары болады, олардың сипаттамасын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

**Ескерту. 9-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.12.29 № 374-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 374-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **10-бап. Республиканың Бас прокуроры және оның орынбасарлары**

1. Республиканың Бас Прокурорын:

1) Парламент Сенатының келісімімен Республика Президенті бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды;

2) қызметтен Республика Президенті босатады;

3) ол Республика Президентіне есеп береді;

4) қылмыс үстінде ұстап алынған не ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасаған жағдайлардан басқа, Сенаттың келісімінсіз өз өкілеттіктері мерзімі ішінде ұстап алуға, күзетпен ұстауға, ұйқамаққа, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалау шараларына, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

2. Республика Бас Прокурорының бірінші орынбасары мен орынбасарларын Бас Прокурордың ұсынуы бойынша Республика Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

3. Республика Бас Прокурорының орынбасарлары сонымен бірге Бас прокуратураның тиісті департаменттерінің бастықтары болып тағайындалуы мүмкін.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.07.02 № 266, 2010.12.29 № 374-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **11-бап. Республика Бас Прокурорының өкілеттігі**

Республиканың Бас Прокуроры:

1) Республика аумағында заңдар мен Президент Жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің қолданылуына қадағалауды жүзеге асырады, төменгі прокуратуралардың қызметіне басшылық етеді;

2) Республиканың Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен өзге де құқықтық актілерге наразылық жасайды;

3) Қазақстан Республикасының Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесінің төрағасы болып табылады;

4) Қазақстан Республикасы прокуратурасы органдарының, ведомстволарының, мекемелерінің және білім беру ұйымының барлық қызметкерлері және жұмыскерлері орындауға міндетті, Қазақстан Республикасының прокуратурасын ұйымдастыру және оның қызметінің

мәселелері мен материалдық және әлеуметтік қамсыздандыру шараларын іске асыру тәртібін реттейтін бұйрықтар, нұсқаулар, өкімдер, ережелер мен нұсқаулықтар шығарады;

4-1) өз құзыреті шегінде:

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-іс жүргізу кодексі мен жедел-іздігі қызметі туралы заңдарының анықтау мен тергеу органдарының, сондай-ақ жедел-іздігі қызметін жүзеге асыратын органдардың орындауы үшін міндетті нормаларын қолдану мәселелері бойынша;

құқықтық статистиканың барлық субъектілері үшін міндетті құқықтық статистика мен арнаулы есепке алу мәселелері бойынша;

құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесінен алынған мәліметтерді қалыптастыру, оларға қол жеткізу, оларды пайдалану, сақтау, қорғау және жою мәселелері бойынша;

құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесінің деректерін пайдалана отырып жүргізілетін ақпараттық-талдамалық қызметтің негіздерін, тәртібін және оны жүргізген кезде прокуратура органдары қызметкерлерінің жауаптылығын белгілейтін нормативтік құқықтық актілер;

осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілеріне сәйкес басқа да нормативтік құқықтық актілер қабылдайды;

4-2) жедел-іздігі қызметін және жасырын тергеу әрекеттерін, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын органдар шығаратын нормативтік құқықтық актілер бойынша келісу туралы шешім қабылдайды;

5) прокуратураларды, прокуратура органдарының мекемелерін құрады, қайта құрады және таратады, олардың құрылымын, құрылымдық бөлімшелердің құқықтары мен міндеттерін, Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен штат санының лимиті шегінде прокуратура органдарындағы штат санын және еңбекақы төлеу қорын белгілейді;

5-1) Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасының прокуратурасы жанынан ведомстволарды, мекемелерді және білім беру ұйымын құру, қайта ұйымдастыру және тарату, олардың басшыларын лауазымға тағайындау және лауазымынан босату туралы ұсыну енгізеді;

6) Республика Президентіне жоғары сыныпты шендер мен әскери атақтар беру үшін кандидатуралар ұсынады;

7) Қазақстан Республикасы Президентінің келісімімен облыстардың прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорларды қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

7-1) ведомстволар, мекемелер және білім беру ұйымы басшыларының орынбасарларын, облыстар прокурорларының және оларға теңестірілген прокурорлардың орынбасарларын, сондай-ақ, аудандар, қалалар прокурорларын

және оларға теңестірілген прокурорларды лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

8) елдегі заңдылықтың жай-күйі және прокуратура органдарының қызметі туралы Республика Президенті алдында есеп береді;

9) белгіленген тәртіппен прокуратура органдарының қызметкерлеріне сыныптық шендер мен әскери атақтар береді;

10) прокуратура органдарының қызметкерлерін және жұмыскерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтауға және құрметті атақтар беруге ұсынады, ведомстволық наградалармен наградтайды;

10-1) "Прокуратураның құрметті қызметкері" атағын береді, осы атақты беру тәртібі туралы Ережені бекітеді;

11) прокуратура органдары қызметкерлерінің қару мен оқ-дәрі алу, сақтау, алып жүру және тасымалдау тәртібін айқындайды;

11-1) Жоғарғы Соттың жалпы отырысының қарауына сот практикасының мәселелері бойынша түсіндірмелер беру туралы ұсыныстар енгізеді;

11-2) прокуратураның білім беру ұйымына оқуға қабылдаудың тәртібін айқындайды;

12) өзіне Қазақстан Республикасының заңдарында берілген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 11-бапқа өзгерістер енгізілді- ҚР 2001.10.10 № 247 (2001.01.01 бастап күшіне енеді), 2002.08.09 № 346, 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап қолданысқа енеді), 2010.12.29 № 374-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.06 № 379-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 374-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **12-бап. Бас прокуратура**

1. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына Республиканың Бас Прокуроры басшылық етеді.

2. Республиканың Бас Прокурорының бірінші орынбасары және орынбасарлары болады.

3. Бас прокуратураның құрылымын және оның қызметкерлері мен жұмыскерлерінің өкілеттіктерін Бас Прокурор белгілейді.

4. <\*>

## 5. Бас прокуратура:

1) Республика прокуратура органдарының іс-қимылдарын олардың қызметінің негізгі бағыттары бойынша үйлестірілуі мен орайластырылуын қамтамасыз етеді;

2) Республикада заңдардың қолданылуын, заңдылықтың жай-күйін қадағалау практикасына, оның ішінде құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесімен интеграцияланған ақпараттық жүйелерде қамтылған мәліметтерді пайдалана отырып талдау жасайды;

3) прокурорлық қадағалауды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

4) Республика прокуратура органдарының заңдардың орындалуын қадағалау жөніндегі жұмысын бақылайды;

5) жедел-ізвестіру қызметін, жасырын тергеу әрекеттерін, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын басқа да республикалық құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасайды және олардың қызметін үйлестіріп отырады;

5-1) қылмыстар профилактикасы, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, қоғамның және мемлекеттің мүдделерін қорғау, халық тарапынан сенім мәселелеріне басымдық беріп, өкілді органдар мен жұртшылық беретін сыртқы бағалау тетіктерін айқындай отырып, сыбайлас жемқорлық деңгейінің рейтингтік бағасын енгізіп, есептілік және қызметті бағалау жүйесін жетілдіреді, сондай-ақ азаматтық қоғам институттарымен ынтымақтастықтың әртүрлі нысандарын белгілейді;

6) кадрлардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады және жүргізеді;

7) норма шығарушылық қызметіне қатысады;

8) халықаралық ынтымақтастық саласында прокуратура органдарының атынан өкілдік етеді.

6. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы реттеуші мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдарға тексерулер жүргізудің жартыжылдық жиынтық кестесін Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ресми интернет-ресурсында ағымдағы күнтізбелік жылдың 25 желтоқсанына дейінгі және ағымдағы күнтізбелік жылдың 25 мамырына дейінгі мерзімде орналастырады.

Ескерту. 12-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.07.02 № 266, 2002.08.09 № 346, 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.12.29 № 374-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.06 № 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап

қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 374-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **13-бап. Облыстардың прокурорлары**

Облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар:

1) облыстық, қалалық, аудандық және оларға теңестірілген прокуратуралардың прокурорлық қадағалауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметіне басшылық жасайды;

2) бағынысындағы барлық қызметкерлері мен жұмыскерлері үшін міндетті бұйрықтар, өкімдер, нұсқаулар шығарады.

**Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.12.29 № 374-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **14-бап. Облыстардың прокуратуралары**

1. Облыстардың прокуратураларына және оларға теңестірілген прокуратураларға Республика Президентінің келісімімен Республиканың Бас Прокуроры бес жыл мерзімге тағайындайтын тиісті прокурорлар басшылық етеді.

2. Облыстардың прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлардың бірінші орынбасарлары мен орынбасарлары, аға көмекшілері мен көмекшілері болады. Облыстардың прокурорларының орынбасарлары облыстық прокуратуралардың тиісті басқармаларының бастықтары болып тағайындалуы мүмкін.

3. Облыстардың прокуратураларында және оларға теңестірілген прокуратураларда басқармалар мен бөлімдер болады. Басқармалар мен бөлімдердің бастықтары тиісінше облыстар прокурорларының аға көмекшілері және көмекшілері болып табылады. Басқармалар мен бөлімдерде аға прокурорлар мен прокурорлардың лауазымдары белгіленеді.

**Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.08.09 № 346 Заңымен.**

### **15-бап. Қалалық, аудандық және оларға теңестірілген өзге де прокурорлар мен прокуратуралар**

1. Қалалық, аудандық және оларға теңестірілген прокуратураларға Республиканың Бас Прокуроры бес жыл мерзімге тағайындайтын тиісті прокурорлар басшылық етеді.

2. Қалалық, аудандық және оларға теңестірілген прокурорлар:

1) қалалық, аудандық және оларға теңестірілген өзге де прокуратуралардың прокурорлық қадағалауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметіне басшылық жасайды;

2) бағынысындағы барлық қызметкерлер мен жұмыскерлер үшін міндетті бұйрықтар, өкімдер, нұсқаулар шығарады.

3. Қалалық, аудандық және оларға теңестірілген прокурорлардың қарамағында қадағалау салалары бойынша орынбасарлар, аға прокурорлар және прокурорлар болады.

4. Қалалық, аудандық және оларға теңестірілген прокуратураларда бөлімдер құрылуы мүмкін.

Ескерту. 15-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.12.29 № 374-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **16-бап. Төменгі прокурорлардың жоғары тұрған прокурорларға бағыныстылығы**

1. Прокурорлардың бағыныстылығы:

1) жоғары тұрған прокурорлардың ұйымдастыру және қызмет мәселелері жөніндегі нұсқауларының төменгі прокуратуралар үшін міндеттілігін;

2) төменгі прокурорлардың жоғары тұрған прокурорлар алдында қызмет міндеттерін орындауы үшін жауапкершілігін;

3) жоғары тұрған прокурорлардың қажет болған жағдайларда төменгі прокурорлардың өкілеттігін жүзеге асыруын;

4) жоғары тұрған прокурорлардың төменгі прокурорлар актілерінің күшін жоюын, қайтарып алуын, өзгертуін;

5) жоғары тұрған прокурорлардың төменгі прокурорлардың іс-әрекеттері мен актілеріне жасалған шағымдарды шешуін қамтиды.

2. Республиканың Бас Прокуроры төменгі прокурорлардың бағыныстылығының өзге де нысандарын белгілеуі мүмкін.

## **17-бап. Прокуратура органдарындағы алқалар**

1. Бас прокуратурада, ведомстволарда, облыстардың прокуратураларында және оларға теңестірілген прокуратураларда алқалар құрылады.

2. Алқа отырыстарында прокуратура органдары қызметінің мәселелері, сондай-ақ заңдардың бұзылуының анықталуына байланысты Бас Прокурордың, ведомство басшысының, облыс прокурорының немесе оған теңестірілген прокурордың ұйғарымы бойынша заңды бұзған лауазымды адамдардың қатысуымен алқалы түрде қарауды қажет ететін өзге де мәселелер қаралады.

3. Алқа шешімдері оның мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

4. Алқаның шешімдері тиісті прокурорлардың бұйрықтарымен іске асырылады және прокуратура органдарының қызметкерлері мен жұмыскерлері үшін міндетті. Заңның бұзылуының анықталуына қарай прокурорлық қадағалау актілері қабылданады.

5. Алқа жұмысының регламентін және алқа мүшелерінің мәртебесін Республиканың Бас Прокуроры айқындайды.

Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.12.29 № 374-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.06 № 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **3 ТАРАУ**

#### **Прокуратураның құқықтық актілері**

##### **18-бап. Прокуратураның құқықтық актілерінің жүйесі**

1. Прокуратураның құқықтық актілерінің жүйесін:

1) прокурорлық қадағалау актілері: наразылық, қаулы, ұйғарым, өтініш, санкция, нұсқау, ұсыныс, үндеу, алдын ала ескерту, заңға түсіндірме;

2) Прокуратураны ұйымдастыру және оның қызмет мәселелерін реттейтін актілер: бұйрықтар, нұсқаулар, өкімдер, ережелер, нұсқаулықтар құрайды.

1-1. Нормативтік құқықтық актілердің қолданылуын тоқтата тұратын прокурорлық қадағалау актілері жариялануға тиіс.

2. Прокуратураның ережелері мен нұсқаулықтары тиісті прокурорлардың бұйрықтарымен бекітіледі.

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.08.09 № 346, 2010.12.29 № 374-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

##### **19-бап. Назылық**



1. Прокурор Конституцияға, заңдарға және Республика Президентінің актілеріне қайшы келетін нормативтік және өзге де құқықтық актілерге, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың шешімдері мен іс-әрекеттеріне наразылық жасайды.

2. Заңсыз актіні, шешімді қабылдаған органға немесе лауазымды адамға немесе жоғары тұрған органға не жоғары тұрған лауазымды адамға наразылық келтіріледі. Органның немесе лауазымды адамның заңсыз іс-әрекеттеріне наразылық нақ осындай тәртіппен жасалады.

3. Прокурордың наразылығын тиісті орган немесе лауазымды адам күнтізбелік он күн ішінде қарауға тиіс.

Наразылық бойынша шешім дайындау және қабылдау қажеттілігіне байланысты прокурор оны қараудың өзге де мерзімін белгілеуге құқылы, бірақ бұл кемінде күнтізбелік он күн болуға тиіс.

Наразылықты сотта қарау мерзімі Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалады.

Орган немесе лауазымды адам наразылықтың қаралатын күні туралы прокурорға хабарлауға міндетті.

4. Наразылықта прокурор заңсыз актінің күшін жоюды не оны Конституцияға және заңдарға сәйкес келтіруді, сондай-ақ лауазымды адамның заңсыз әрекеттерін тоқтатуды және бұзылған құқықты қалпына келтіруді талап етеді.

5. Прокурор наразылық жасалған актінің не іс-әрекеттің орындалуын наразылық бойынша шешім қабылданғанға дейін тоқтата тұруға хақылы. Заңдарға жасалған наразылық олардың қолданылуын тоқтатпайды.

**Ескерту. 19-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.12.29 № 374-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **20-бап. Қаулы**

1. Заңның бұзылу сипатына қарай прокурор қылмыстық іс бойынша, тәртіптік іс жүргізуді, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қозғау туралы қаулылар шығарады.

2. Прокурор заңның қолданылуына тексеріс жүргізу туралы, заңсыз құқықтық актіні алдырып тастау, қарау, тұмшалау салу туралы, тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды жою немесе алып тастау туралы, күшін тоқтата тұру туралы, прокурордың талабын мәжбүрлеп орындату туралы, жеткізу (күштеп әкелу) туралы, сондай-ақ заңда көзделген басқа да реттерде қаулы шығарады.

3. Прокурордың қаулысын уәкілетті орган немесе лауазымды адам заңмен белгіленген мерзімде, ал мұндай мерзім болмаған жағдайда, прокурор белгілеген мерзімде міндетті түрде орындауға тиіс. Қаулының орындалу нәтижелері туралы прокурорға дереу хабарланады. Прокурордың қаулысын белгіленген мерзімдерінде орындамау Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

Ескерту. 20-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.08.09 № 346; 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **21-бап. Санкция**

1. Прокурор:

1) алынып тасталды - ҚР 2008.07.05 № 65-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен;

2) алып тасталды - ҚР 31.10.2015 № 378-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

3) алып тасталды - ҚР 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4) азаматтардың Конституциямен және заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделерін қозғайтын жедел-ізвестіру, қарсы барлау іс-шаралары мен тергеу іс-қимылдарын, оның ішінде жасырын тергеу іс-қимылдарын жүргізуге;

5) шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды шығарып жіберу үшін ұстауға;

5-1) алып тасталды - ҚР 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-2) мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лауазымды адамдарын қоспағанда) банк құпиясын құрайтын құжаттарға қол жеткізуіне;

5-3) (алып тасталды - ҚР 2010.04.02 № 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен);

5-4) алып тасталды - ҚР 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

б) тікелей заңмен көзделген өзге жағдайларда санкция (келісім) береді.

2. Көрсетілген әрекеттерді жасауға санкцияны (келісімді) не оны беруден бас тартуды прокурор санкцияны сұрауға негіз болған материалдарды зерделегеннен кейін жиырма төрт сағат ішінде лауазымды адамның қаулысына бұрыштама және қол қою арқылы ресімдейді.

Заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді алуға байланысты жасырын тергеу әрекеттерін қоспағанда, көрсетілген әрекеттерге санкция

Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес электрондық цифрлық қолтаңба арқылы да куәландырылуы мүмкін.

3. Адамның және азаматтың бостандық құқықтарын шектеуі мүмкін жедел-іздігі және өзге қызмет мәселелері жөніндегі ведомстволық нормативтік құқықтық актілердің қолданылуына келісім береді.

Ескерту. 21-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2002.08.09 № 346, 2003.07.10 № 483 (2004.01.01 бастап күшіне енеді), 2008.07.05 № 65-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.12.10 № 101-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.04.02 № 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.22 № 478-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 № 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.05 № 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 31.10.2015 № 378-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.12.2016 № 36-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **22-бап. Нұсқау**

1. Прокурор:

1) қылмыстық істерді тергеп-тексеруге байланысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарына;

2) жедел-іздігі қызметін және жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыратын органдарға;

3) заңнамада белгіленген өзге де жағдайларда нұсқау береді.

2. Республика Бас Прокурорының жедел-іздігі қызметі, жасырын тергеу әрекеттері және сотқа дейінгі тергеп-тексеру мәселелері жөніндегі нормативтік сипаттағы нұсқауы барлық тергеу және анықтау органдарының, жедел іздігі қызметін және жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыратын органдардың орындауы үшін міндетті.

Ескерту. 22-бап жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2014 № 233-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

## **23-бап. Өтініш**

1. Прокурор заңға сәйкес бұзылған құқықтарды қалпына келтіру және мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін қорғау үшін сотқа талаптық өтініш жасауға хақылы.

2. Прокурорлық қадағалау актілері қабылданбаған немесе олар заңда белгіленген мерзімде қаралмаған жағдайларда прокурор органдар мен лауазымды адамдардың іс-әрекеттері мен актілерін жарамсыз деп тану туралы, сондай-ақ заңды бұзушылықты болдырмау туралы сотқа өтініш беруге құқылы. Прокурор наразылық келтірілген актінің күшін арызды сот қарағанға дейін өз қаулысымен тоқтата тұруға құқылы.

3. Сотқа берілген прокурорлық қадағалау актілерінің қабылданбауына немесе қараусыз қалдырылуына байланысты өтінішті сот заңда белгіленген тәртіппен қарайды.

4. Прокурордың өтінішіне мемлекеттік баж бен өзге де алымдар салынбайды.

**Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.08.09 № 346 Заңымен.**

## **24-бап. Ұйғарым**

1. Заңды бұзушылықты жою туралы жазбаша ұйғарымды прокурор енгізеді және оны заңды бұзуға жол берген органға немесе лауазымды адамға, не жіберілген заң бұзушылықты жоюға өкілетті органға немесе лауазымды адамға жібереді. Егер заңды бұзу ашық сипатта болып, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына, сондай-ақ заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруі мүмкін болған және ол дереу жойылмайтын болған жағдайда, ұйғарым енгізіледі. Ұйғарымды нормативтік құқықтық актілерге енгізуге болмайды.

2. Ұйғарымда Конституцияның, заңдар мен Республика Президенті актілерінің бұзылған нормалары көрсетіліп, құқық бұзушылықтың сипаты мен заң бұзушылықты жою жөніндегі шаралар туралы нақты ұсыныстар болуға тиіс.

3. Ұйғарым прокурор белгілеген мерзімде міндетті түрде орындалуға тиіс. Ұйғарымның орындалуы туралы прокурорға дереу хабарланады. Прокурордың ұйғарымын орындамау Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

4. Ұйғарымға жоғары тұрған прокурорға не сотқа шағым берілуі мүмкін. Ұйғарымға шағымның берілуі оның орындалуын тоқтата тұрмайды.

5. Жоғары тұрған прокурор немесе сот шағым бойынша шешім қабылданғанға дейін ұйғарымның орындалуын тоқтата тұра алады.

**Ескерту. 24-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.08.09 № 346 Заңымен.**

## **25-бап. Ұсыныс**

1. Прокурор өз құзыреті шегінде:

1) заңдылықты бұзушылықтарды жою туралы;

2) қылмыс жасауға және басқа да құқық бұзушылықтарға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы;

3) Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес қол сұғылмаушылық құқығы бар адамдарды одан айыру мәселелері бойынша;

4) заңда белгіленген өзге жағдайларда ұсыныс енгізеді.

2. Ұсынысты лауазымды адам немесе орган заңдылықтың бұзылуын, сондай-ақ оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша шараларды міндетті түрде қабылдай отырып, прокурор белгілеген мерзімдерде, бірақ күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей қарауға тиіс.

Прокурор ұсынысты қарау кезінде қатысуға құқылы. Мемлекеттік орган немесе лауазымды адам ұсыныс қаралатын күнге дейін күнтізбелік үш күннен кешіктірмей, ұсынысты қарау орны мен уақыты туралы прокурорға хабарлауға тиіс.

Ұсынысты қараудың нәтижелері және қолданылған шаралар туралы ұсыныс қаралған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде прокуратураға хабарланады.

**Ескерту. 25-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.12.29 № 374-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **25-1-бап. Алдын ала ескерту**

Құқық бұзушылықтардың алдын алу, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында немесе дайындалып жатқан құқыққа қарсы әрекеттер туралы мәліметтер болған кезде прокурор жазбаша нысанда жеке және заңды тұлғаларға заңды бұзуға жол берілмейтіні туралы алдын ала ескерту жасайды және оларға заңда белгіленген жауаптылық туралы ескертеді.

**Ескерту. Заң 25-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.12.29 № 374-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **25-2-бап. Үндеу**

Прокуратура органдары заңдылықты қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтардың алдын алу, сондай-ақ қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында лауазымды адамдарға, мемлекеттік органдарға, заңды және жеке тұлғаларға үндеу жасауға құқылы.

Бұл ретте үндеу бұқаралық ақпарат құралдары пайдаланыла отырып немесе өзге де жария ету тәсілімен таратылады.

**Ескерту. Заң 25-2-баппен толықтырылды - ҚР 2010.12.29 № 374-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **26-бап. Заңнамалық актіге түсіндірме беру**

1. Жеке не заңды тұлғалардың заңнамалық актілерді (Қазақстан Республикасы Парламентінің және оның Палаталарының қаулыларын қоспағанда) білмеуі немесе дұрыс түсінбеуі заңнамалық актілерді не азаматтың немесе шектелмеген тұлғалар тобының құқықтары мен бостандықтарын бұзуға алып келуі мүмкін деп пайымдауға жеткілікті негіздер болған кезде прокурор заңнамалық актінің мазмұнына түсіндірме береді.

2. Құқықтық актінің жобасы заңнамалық актіге (Қазақстан Республикасы Парламентінің және оның Палаталарының қаулыларын қоспағанда) сәйкес келмеген жағдайларда, прокурор актіні қабылдайтын органға немесе лауазымды адамға тиісті заңнамалық актінің талабын түсіндіреді.

**Ескерту. 26-бап жаңа редакцияда - ҚР 06.04.2016 № 481-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **26-1-бап. Прокурордың құқықтық актілерін мәжбүрлеп орындату шаралары**

1. Прокурордың қаулылары мен ұйғарымдарын өз еркімен орындамаған жағдайда, ол мүлкінен мәжбүрлеп айыруды көздейтіндерін қоспағанда, прокурордың талаптарын мәжбүрлеп орындату туралы қаулы шығаруға және оны орындау үшін уәкілетті мемлекеттік органдарға жіберуге құқылы.

2. Уәкілетті мемлекеттік органдар прокурордың тиісті қаулысын алған бойда оны орындауға дереу шаралар қолдануға міндетті.

3. Лауазымды адамдар, азаматтар айғақтар беру үшін прокуратура органдарына келуден бас тартқан жағдайда, прокурор ондай адамды прокуратура

органдарына жеткізу (күштеп әкелу) туралы қаулы шығаруға құқылы, оны жиырма төрт сағат ішінде ішкі істер органдары орындайды.

**Ескерту. 26-1-баппен толықтырылды - ҚР 2002.08.09 № 346 Заңымен.**

## **27-бап. Прокурорлық қадағалау актілерін жариялау**

Өз қызметінің жариялылығын қамтамасыз ету үшін прокуратура органдары адамның және азаматтың конституциялық және заңмен қорғалатын өзге де құқықтарын, заңды тұлғалар мен мемлекеттің мүдделерін бұзған органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз іс-әрекеттері мен шешімдеріне прокурорлық қадағалау актілерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялай алады.

**Ескерту. 27-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.08.09. № 346 Заңымен.**

## **4 ТАРАУ**

**Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, заңды тұлғалардың және мемлекеттің мүдделерінің сақталуын қадағалау**

## **28-бап. Қадағалаудың міндеттері**

1. Қадағалаудың міндеттері:

1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың құқықтық актілері мен іс-әрекеттерінің заңға сәйкес келуін қамтамасыз ету;

2) заңдылықтың кез келген бұзылуын, осындай заң бұзушылыққа ықпал еткен себептер мен жағдайларды анықтап, жою, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру шараларын қолдану болып табылады.

2. Прокуратура басқа мемлекеттік органдарды алмастырмайды және ұйымдардың қызметі мен азаматтардың жеке өміріне араласпайды.

## **29-бап. Прокурордың өкілеттігі**

1. Қадағалауды жүзеге асыру кезінде прокурор:

1) жүргізілетін тексеріс мәселелері бойынша азаматтар мен лауазымды адамдарды шақыруға және олардан айғақтар алуға;

2) қызметтік куәлігін көрсетіп, мемлекеттік органдардың, сондай-ақ меншіктің барлық нысанындағы ұйымдардың аумағы мен үй-жайларына кедергісіз кіруге;

2-1) жүргізілетін тексеріс мәселелері жөнінде банктерден жеке және заңды тұлғалардың операциялары мен шоттары бойынша коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпия болып саналатын мәліметтердің жариялануға болмайтын талаптарын сақтай отырып, мәліметтер алуға;

2-2) жасырын қылмыстарды анықтау мақсатында құзыретті органдардан жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асырып, олардың нәтижелері туралы хабар беріп отыруды талап етуге;

3) басшылардан және басқа да лауазымды адамдардан заңдылықтың жай-күйі және оны қамтамасыз ету жөніндегі қажетті құжаттарды, материалдарды, статистикалық ақпаратты алуға;

4) тексеріске қатысу және қорытынды беруі үшін мамандарды тартуға;

5) прокуратураға түскен материалдарға, арыздарға өзінің құзыретіне сәйкес тексеріс жүргізуді талап етуге және бұлардың нәтижелері туралы хабарлауды міндеттеуге;

6) қауіпсіздікті және қадағалау қызметін қамтамасыз ету үшін тексерісті жүзеге асыруға басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлерін тартуға;

6-1) сараптамалар тағайындауға;

6-2) құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесімен интеграцияланған мемлекеттік, өзге де органдар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелерінде қамтылған мәліметтерге Республиканың Бас Прокуроры белгілеген тәртіппен рұқсат алуға;

7) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа да тексеріс әрекеттерін жасауға құқылы.

2. Қадағалауды жүзеге асыру процесінде, оның ішінде тексеру нәтижелері бойынша прокурор:

1) наразылық енгізеді;

2) заң бұзушылықты болдырмау жөнінде ұйғарым береді;

2-1) сотқа дейінгі тергеуді бастайды не қылмыстық істі сотқа дейінгі тергеу ісін жүргізу үшін қылмыстық қудалау органына береді;

3) тәртіптік іс жүргізуді немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қозғау туралы, прокурордың талабын мәжбүрлеп орындау, жеткізу (күштеп әкелу) жөнінде қаулы шығарады, материалдық залалдың өтелу шараларын қолданады;

4) адамның және азаматтың, заңды тұлғалар мен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда заңдардан басқа заңсыз актінің күшін тоқтата тұрады;

5) мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары енгізген тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралардың күшін жояды немесе алып тастайды;



6) мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен олардың заңмен қорғалатын мүдделерін сақтауды соттан өтінеді;

7) органға немесе лауазымды адамға заңдылықты бұзуды болдырмау туралы ұсыныс енгізеді;

"8) заң бұзушылыққа жол берілмейтіні туралы алдын ала ескертеді;

9) осы Заңда көзделген өзге де прокурорлық қадағалау актілерін енгізеді.

Ескерту. 29-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.08.09 № 346, 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап қолданысқа енеді), 2010.03.19 № 258-IV, 2010.12.29 № 374-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **5 ТАРАУ**

### **Сотта мемлекеттің мүддесін білдіру**

#### **30-бап. Прокурордың сотта іс қараудағы құзыреті**

1. Қылмыстық, азаматтық немесе өзге де сот ісін жүргізу барысында сотта мемлекет мүддесін білдіре отырып, прокурор осы Заңға, сондай-ақ Республиканың қылмыстық істер жүргізу, азаматтық істер жүргізу және өзге де заңдарына сәйкес шағым, кассация және қадағалау тәртібімен өз өкілеттігін жүзеге асырады.

2. Соттың (судьяның) іс бойынша шешімімен, үкімімен немесе өзге қаулысымен оның заңға сәйкессіздігі немесе негізсіздігі себепті келіспеген жағдайда, прокурор істі қайта қарау немесе құқықтық актінің күшін жою не өзгерту туралы жоғары тұрған сотқа наразылық беруге хақылы.

Ескерту. 30-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2002.08.09 № 346, 2010.12.29 № 374-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **31-бап. Соттың заңды күшіне енбеген қаулыларына наразылық жасау**

Прокурор өзінің істің сотта қаралуына қатысу-қатыспауына қарамастан, соттың (судьяның) заңды күшіне енбеген заңға сәйкес келмейтін немесе негізсіз шешіміне, үкімі мен өзге де қаулысына жоғары тұрған сотқа наразылық беруге хақылы.

#### **32-бап. Соттың заңды күшіне енген қаулыларына наразылық жасау**

1. Прокурор соттың заңды күшіне енген шешімдері, үкімдері және өзге қаулылары бойынша істерді өз құзыретінің шегінде соттан талап етіп алдыруға хақылы.

2. Соттың заңды күшіне енген шешімі, үкімі мен өзге қаулысы заңға сәйкес келмейтін немесе негізсіз болған жағдайда, прокурор қадағалау тәртібімен наразылық жасайды. Егер наразылық жасау оның құзыретінің шегінен асып кететін болса, онда тиісті прокурор наразылық жасау жөнінде жоғары тұрған прокурорға ұсыныс айтып, өтініш жасайды.

3. Прокурордың соттың заңды күшіне енген шешіміне, үкімі мен өзге де қаулыларына наразылық жасау және орындалуын тоқтата тұру жөніндегі өкілеттігі заңмен айқындалады.

### **33-бап. Республика Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысына наразылық жасау**

Республиканың Бас Прокуроры Республика Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысының Конституцияға және заңдарға сәйкес келмеу негіздері бойынша Республика Жоғарғы Сотының жалпы отырысына наразылық енгізеді.

**Ескерту. 33-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2002.08.09 № 346 Заңымен.**

## **6 ТАРАУ**

### **Жедел-ізвестіру қызметінің заңдылығын қадағалау**

**Ескерту. 6-тараудың тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР 2010.12.29 № 374-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі ) Заңымен .**

### **34-бап. Қадағалаудың мазмұны мен мәні**

Жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыру, жедел-ізвестіру шараларын жүргізу барысында адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуы, сондай-ақ жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыруға өкілетті органдар мен лауазымды адамдардың актілері мен іс-әрекеттерінің заңдылығы қадағалаудың мәні болып табылады.

### **35-бап. Прокурордың жедел-ізвестіру қызметі мен жасырын тергеу әрекеттерінің заңдылығын қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттігі**

Жедел-іздестіру қызметінің және жасырын тергеу әрекеттерінің заңдылығын қадағалауды жүзеге асыра отырып, прокурор:

1) жедел-іздестіру қызметін және жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыратын органдармен жасырын негізде ынтымақтасатын немесе ынтымақтасқан құпия көмекшілердің және штаттағы жасырын қызметкерлердің жеке басы туралы мәліметтерден басқа, жедел-іздестіру қызметінің тоқтатылған және іс жүргізуінде жатқан істерін, қылмыстық істерді, жедел-іздестіру қызметінің және жасырын тергеу әрекеттерінің барысы мен нәтижелері туралы материалдарды, құжаттарды және басқа да қажетті мәліметтерді алады;

2) арнаулы жедел-іздестіру іс-шараларын және жасырын тергеу әрекеттерін, оның ішінде байланыс желісінде жүзеге асырудың заңдылығын тексеруді жүргізеді;

3) жедел-іздестіру қызметін және жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыратын органдардың лауазымды адамдарының әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне шағымдар мен өтініштерді қарайды;

4) Конституцияға, заңдарға және Республика Президентінің актілеріне қайшы келетін, жедел-іздестіру қызметін және жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыратын органдар шығаратын жедел-іздестіру іс-шараларын және жасырын тергеу әрекеттерін ұйымдастыруды және өткізу тактикасын регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерге наразылық білдіреді;

5) жедел-іздестіру қызметін және жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыру кезінде заңның, адам және азамат құқықтарының бұзылғаны анықталған жағдайда, өзінің қаулысымен жедел-іздестіру іс-шараларын және жасырын тергеу әрекеттерін тоқтатады;

6) жедел-іздестіру іс-шараларын және жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде құқыққа қарсы әрекеттерге жол берген қызметкерлерге қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастайды немесе тәртіптік іс жүргізуді қозғайды;

7) жедел-іздестіру қызметінің және жасырын тергеу әрекеттерінің заңдылығына қадағалауды жүзеге асыру кезінде анықталған бұзушылық фактілері бойынша осы Заңда көзделген прокурорлық қадағалаудың басқа да актілерін шығарады;

8) заңсыз ұстап алынған адамдарды босатады;

9) қажет болған кезде заң бұзушылықты жою мақсатында жедел-іздестіру қызметін және жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыратын органдардың басшыларынан өздеріне бағынысты органдарда тексеру жүргізуді талап етеді;

10) заңнамада белгіленген жағдайларда жедел-іздестіру іс-шараларын және жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуге санкция береді.

Ескерту. 35-бап жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2014 № 233-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

### **36-бап. Жедел-іздестіру қызметінің заңдылығына қадағалауды жүзеге асыратын прокурорлар**

Жедел-іздестіру қызметінің заңдылығына қадағалауды Республиканың Бас Прокуроры және өзге прокурорлар заңдарда белгіленген құзыреті шегінде жүзеге асырады.

## **7 ТАРАУ**

### **Тергеу мен анықтама заңдылығына қадағалау**

### **37-бап. Қадағалаудың мазмұны мен мәні**

Прокурор анықтама мен тергеу органдарының актілері мен қызметінің заңдылығына, жасалған қылмыстар және тергеу жүргізу туралы өтініштер мен хабарларды шешудің заңдарда белгіленген тәртібінің сақталуына қадағалауды жүзеге асырады.

Ескерту. 37-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.12.29 № 374-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **38-бап. Прокурордың сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттіктері**

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асыра отырып, прокурор:

1) сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарынан қылмыстық істерді, қылмыстық құқық бұзушылықтар, жедел-іздестіру қызметі, жасырын тергеу әрекеттері, сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысы туралы құжаттарды, материалдарды және өзге де мәліметтерді тексеру үшін алады;

2) жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарларды қабылдау, тіркеу, шешу кезінде заңдылықтың сақталуын тексереді;

3) қылмыстық қудалау органының күдіктіні, айыпталушыны күзетпен ұстауды немесе ұйқамаққа алуды санкциялау туралы өтінішхатын тергеу судьясы алдында қолдайды не қолдаудан бас тартады, кепілді қолдануды санкциялайды;

4) қажет болған жағдайларда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастайды және жүргізеді, сотқа дейінгі тергеп-тексеру ісін жүргізу туралы нұсқаулар береді;

5) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамдардың заңсыз қаулыларының күшін жояды;

6) егер сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында процеске қатысушылар мен басқа да азаматтардың құқықтарының бұзылуына, тергеп-тексерудің заңсыз әдістеріне жол берілсе, кінәлі адамдардың жауаптылығы туралы мәселе қояды;

7) сотқа дейінгі тергеп-тексеру толық болмаған, сондай-ақ заңдылықтың бұзылуына жол берілгені белгілі болған жағдайларда, қылмыстық істі қосымша тергеп-тексеруге қайтарады не оны толық көлемде немесе нақты адамдарға қатысты тоқтатады;

8) айыптау актісін, қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманы бекітеді, қылмыстық істі мәні бойынша қарау үшін сотқа жібереді;

9) қажет болған жағдайда заңның бұзылуын жою, қылмыстық құқық бұзушылықтардың толық ашылуын қамтамасыз ету мақсатында тергеу бөлімшелері мен анықтау органдарының басшыларынан өздеріне бағынысты органдарда тексеру жүргізуді талап етеді;

10) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары басшыларының әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне шағымдарды қарайды;

11) бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау тандалған адамдарды күзетпен ұстаудың заңнамада белгіленген тәртібі мен шарттарының сақталуын тексереді;

12) заңда белгіленген өзге де өкілеттіктерді орындайды.

2. Прокурордың өз құзыреті шегіндегі нұсқаулары сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам үшін міндетті.

Ескерту. 38-бап жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2014 № 233-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

### **39-бап. Қамауға санкция беру**

Ескерту. 39-бап алынып тасталды - ҚР 2008.07.05 № 65-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

## **8 ТАРАУ**

### **Әкімшілік іс жүргізудің заңдылығын қадағалау**

#### **40-бап. Қадағалаудың мақсаты**

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 2010.12.29 № 374-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Әкімшілік іс жүргізудің заңдылығына қадағалауды прокуратура:

1) әкімшілік құқық бұзушылық жөнінде, сондай-ақ істерді қарау мен әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін жазалау шараларын белгілеген кезде заңдардың дәл әрі бірыңғай қолданылуын қамтамасыз ету;

2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарды қолданған кезде адамның және азаматтың, лауазымды адамдар мен ұйымдардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру;

3) азаматтардың әкімшілік құқық бұзушылық жөнінде жүргізілген істерге байланысты кез келген актіге шағымдану құқығын қамтамасыз ету;

4) әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарды қолданған кезде заңдарды бұзуға кінәлі адамдарға шара қолдану мақсатында жүзеге асырады.

Ескерту. 40-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.12.29 № 374-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **41-бап. Прокурордың әкімшілік іс жүргізу заңдылығын қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттігі**

Әкімшілік іс жүргізудің заңдылығына қадағалауды жүзеге асыра отырып, прокурор:

1) уәкілді лауазымды адамдар мен органдардан әкімшілік құқық бұзушылық туралы мәліметтерді, құжаттар мен істерді талап етуге;

2) құзыретіне әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау мен жаза қолдану кіретін лауазымды адамдар мен органдардың іс-әрекеттері мен шешімдеріне берілген шағымдарды қарауға;

3) әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жазаны және әкімшілік-құқықтық ықпал ету шараларын қолданудың заңдылығы мен негізділігін тексеруге;

4) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға қатысуға, өтініштер жасауға, істі қарау кезінде туындаған мәселелер бойынша қорытындылар беруге;

5) әкімшілік жаза қолдану туралы қаулылардың орындалуын тексеруге;

6) азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалар мен мемлекеттің заңды мүдделерін бұзуға жол берген лауазымды адамдарды жауапкершілікке тарту жөнінде шаралар қолдануға;

7) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жөнінде іс жүргізуді қозғауға;

8) заңда көзделген басқа да іс-әрекеттерді жасауға хақылы.

Ескерту. 41-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2002.08.09 № 346, 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **42-бап. Прокурордың әкімшілік іс жүргізуде заңдылықты қамтамасыз ету жөніндегі актілері**

Тексеріс нәтижелері бойынша прокурор:

1) сотқа, өзге өкілетті органға немесе лауазымды адамға әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулыға наразылық енгізуге;

2) уәкілді лауазымды адамдар мен органдарға (соттан басқа) іске қосымша тексеру жүргізу туралы жазбаша нұсқаулар беруге;

3) уәкілді органдардан өздерінің бақылауындағы немесе қарауындағы ұйымдарға тексеру жүргізуді талап етуге;

4) заңмен белгіленген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді тоқтатуға;

5) әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулының орындалуын тоқтата тұруға ;

6) әкімшілік жолмен заңсыз ұсталған адамды босату туралы қаулы шығаруға;

7) жеке тұлғалардың, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайларда өз міндеттерін орындауға байланысты өкілетті мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары қолданған тыйым салу немесе шектеу сипатындағы кез келген шараларды алып тастау туралы қаулы шығаруға немесе талап қоюға;

8) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау жөнінде қаулы шығаруға хақылы.

Ескерту. 42-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2002.08.09 № 346 Заңымен.

## **9 ТАРАУ**

### **Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығына қадағалау**

#### **43-бап. Қадағалаудың мазмұны мен мәні**

Прокурор:

1) сот тағайындаған жазалау мен мәжбүр ету сипатындағы өзге де шаралардың атқарылуы кезінде адамдардың бас бостандығынан айыру орындарында болуының заңдылығын;

2) аталған мекемелерде сотталған адамдарды ұстаудың заңда белгіленген тәртібі мен шарттарының сақталуын, олардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын;

3) бас бостандығынан айыруға қатыссыз жазаларды атқарудың заңдылығын;

4) азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істер бойынша сот актілерін атқару заңдылығына қадағалауды жүзеге асырады.

**Ескерту. 43-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2002.08.09 № 346, 2010.12.29 № 374-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **44-бап. Прокурордың атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттіктері**

Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығына қадағалауды жүзеге асыра отырып, прокурор өз құзыреті шегінде:

1) адамның құқықтары, күзетпен ұсталатындар мен сотталғандарға ізгілікпен қарау туралы Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдары мен халықаралық шарттарының дәлме-дәл және біркелкі қолданылуын талап етуге;

2) азаматтың, мемлекеттің құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша, сондай-ақ прокурордың талабы мен өтініштері бойынша атқарушылық істер жүргізілуін талап етуге және тексеруге;

3) сот тағайындаған жазалау және мәжбүр ету сипатындағы өзге де шараларды атқарушы бас бостандығынан айыру орындары мен мекемелерінде тексеру мақсатымен кез келген уақытта болуға;

4) ұстап алынғандардан, күзетпен ұсталатындардан, сотталғандардан және мәжбүрлеу сипатындағы шаралар қолданылатын адамдардан жауап алуға;

5) адамдарды ұстап алуға, күзетпен ұстауға, олардың жазасын өтеуіне, сондай-ақ мәжбүрлеу сипатындағы өзге де шаралар қолдануға негіз болған құжаттарды талап етуге;

6) мәжбүр ету шараларын атқарушы бас бостандығынан айыру орындарында немесе мекемелерінде заңсыз отырған әрбір адамды өз қаулысымен дереу босатуға;

7) бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан адамдарға заңды бұза отырып, қолданылған тәртіптік шаралардың күшін жоюға, оларды өз қаулысымен айыптық изолятордан, камералық үлгідегі орындардан немесе карцерден қамаудан босатуға;

8) заңда белгіленген жағдайларда жазалауды атқарушы мекемелер әкімшілігінің актілерін санкциялауға хақылы.



8-1) (алып тасталды - ҚР 2010.04.02 № 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен).

Ескерту. 44-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2000.03.29 № 42, 2010.04.02 № 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі), 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **10 ТАРАУ**

### **Қылмыстық қудалау**

#### **45-бап. Қылмыстық қудалау шегі**

Прокуратура Конституцияға сәйкес осы Заңмен және қылмыстық-іс жүргізу заңдарымен белгіленген тәртіп пен шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

#### **46-бап. Қылмыстық қудалау жөніндегі өкілеттіктер**

Қылмыстық қудалауды жүзеге асыра отырып, прокурор:

1) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға, оны анықтау немесе тергеу органына тергеп-тексеру жүргізу үшін беруге не оны өзінің іс жүргізуіне қабылдауға құқылы;

2) тергеу, тергеу-жедел тобын басқарады, қылмыстық істі іс жүргізуге қабылдайды және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізеді;

3) тергеу әрекеттерін жүргізуге қатысады;

4) заңда көзделген жағдайларда жедел-іздістіру қызметін, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамдардың әрекеттері мен шешімдерін санкциялайды не оларға санкция беруден бас тартады;

5) қылмыстық қудалаудан иммунитеті мен артықшылықтары бар адамдарды ешкімнің тиіспеуінен айыруға және қылмыстық жауаптылыққа тартуға келісім алу үшін ұсыну енгізеді;

6) процестік келісімге бастамашылық етеді және оны жасасады, жасалған процестік келісімнің нысанасы болып табылатын қылмыстарды ашу мен тергеп-тексеруді ұйымдастыруға шаралар қолданады;

7) заңда көзделген негіздер бойынша қылмыстық істі не қылмыстық қудалауды тоқтатады;

8) қылмыстық істі сотқа жібереді;

9) заңда белгіленген өзге де өкілеттіктерді орындайды.

Ескерту. 46-бап жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2014 № 233-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

## **47-бап. Істі сотқа жіберу**

1. Прокурор айыптау актісімен не қылмыстық теріс қылық туралы хаттамамен келіп түскен қылмыстық істі зерделеу кезінде, анықтау мен тергеу органдарының заңнама талаптарын сақтауын және істі сотқа жіберу үшін негіздердің жеткілікті екендігін тексеруге міндетті.

2. Қылмыстық істің сотта қаралуына жеткілікті негіздер болған кезде прокурор айыптау актісін не қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманы бекітеді және істі сотқа жібереді.

3. Істі сотқа жіберген кезде прокурор:

1) заңда көзделген негіздер бойынша, қылмыстық істің бір бөлігін, оның ішінде адамға қатысты тоқтатуға;

2) айыптау актісінен жекелеген айыптау тармақтарын алып тастауға, сондай-ақ онша ауыр емес қылмыс туралы заңды қолдануға;

3) бұлтартпау шарасын таңдауға, өзгертуге немесе оның күшін жоюға;

4) заңда белгіленген өзге де әрекеттерді орындауға құқылы.

**Ескерту. 47-бап жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2014 № 233-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).**

## **10-1-тарау. Шет мемлекеттердің құзыретті мекемелерімен өзара іс-қимыл жасау**

**Ескерту. Заң 10-1-тараумен толықтырылды - ҚР 2010.12.29 № 374-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі )** **З а ң ы м е н .**

## **47-1-бап. Халықаралық құқықтық ынтымақтастықты жүзеге асыру кезінде заңдардың қолданылуын қадағалау**

1. Республиканың Бас Прокуроры және (немесе) ол уәкілеттік берген прокурорлар құқықтық көмек көрсету мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың, Қазақстан Республикасы Конституциясының және заңдарының қолданылуын қадағалауды жүзеге асырады.

2. Халықаралық шарттарда және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде және тәртіппен Республиканың Бас Прокуроры немесе ол уәкілеттік берген прокурорлар мемлекет атынан:

адамдарды ұстап беру туралы;

қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы;

бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды жазасын одан әрі өтеу үшін ауыстыру туралы;

қылмыстық істер бойынша іс жүргізу әрекеттерін жүргізу туралы тапсырмалар мен өтініштерді жіберу және орындау туралы шешім қабылдайды.

3. Прокуратура органдары халықаралық шарттарда, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

### **47-2-бап. Прокуратураның халықаралық құқықтық ынтымақтастық бойынша өкілеттіктері**

Республиканың Бас Прокуроры және (немесе) ол уәкілеттік берген прокурорлар халықаралық құқықтық ынтымақтастық шеңберінде:

1) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының жобаларын, сондай-ақ қолданыстағы шарттарды өзгерту және толықтыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуге қатысуға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шет мемлекеттердің прокуратура органдарымен құқықтық көмек, ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы шарттар жасасуға және оларға қол қоюға;

3) прокуратура органдарының құзыреті шегінде басқа мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың тиісті мекемелерімен ынтымақтастықты жүзеге асыруға;

4) прокурорлардың халықаралық ұйымдарының қызметіне қатысуға;

5) ынтымақтастық жасаушы мемлекеттердің аумағында қылмысқа қарсы күрес жөніндегі бірлескен шаралардың мемлекетаралық бағдарламаларының жобаларын әзірлеуге, оларды орындауға қатысуға;

6) шет мемлекеттердің құзыретті мекемелерінің өтініші бойынша Қазақстан Республикасының басқа да құқық қорғау органдарының қатысуымен ұстап беру, қылмыстық қудалау, тергеу әрекеттерін жүргізу, сотталғандарды, мәжбүрлеп емдеуден өткізу үшін психикасының бұзылуынан зардап шегетін адамдарды ауыстыру мәселелері, қылмыстың алдын алуға, анықтауға және жолын кесуге, қылмыскерлерді іздестіруге, жазаларды орындауға бағытталған өзге де іс-қимылдарды орындау бойынша құқықтық көмек көрсетуге;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шет мемлекеттердің құзыретті мекемелеріне Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының ұстап беру, қылмыстық қудалау, тергеу әрекеттерін жүргізу, сотталғандарды, мәжбүрлеп емдеуден өткізу үшін психикасының бұзылуынан зардап шегетін адамдарды ауыстыру мәселелері бойынша, қылмыстың алдын

алуға, анықтауға және жолын кесуге, қылмыскерлерді іздестіруге, жазаларды орындауға бағытталған өзге де іс-қимылдарды орындау бойынша құқықтық көмек көрсету жөніндегі тапсырмаларын, өтінішхаттарын, өтініштерін жіберуге;

8) Қазақстан Республикасының мүдделерін қозғайтын қылмыстық істерді қарау кезінде шет мемлекеттердің соттарында және халықаралық соттарда Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіруге;

9) халықаралық шарттарда, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

Ескерту. 47-2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.10.2015 № 374-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## **10-2-тарау. Прокуратура органдары қызметінің өзге де бағыттары**

Ескерту. Заң 10-2-тараумен толықтырылды - ҚР 2010.12.29 № 374-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі )

**З а ң ы м е н .**

### **47-3-бап. Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы заңдылықты қадағалау**

Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы заңдылықты қадағалауды Қазақстан Республикасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы заңнамасына сәйкес уәкілетті прокурорлар жүзеге асырады.

### **47-4-бап. Прокуратура органдары қызметкерлерін кәсіптік даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру**

Ескерту. 47-4-бап алып тасталды - ҚР 29.10.2015 № 374-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## **11 ТАРАУ**

### **Прокуратура органдарындағы қызмет**

Ескерту. 11-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 2011.01.06 № 379-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

#### **48-бап. Прокурорлар, прокуратура органдарының қызметкерлері**

1. Прокурор - өз құзыреті шегінде заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының, өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәл және бірыңғай қолданылуын, жедел-ізвестіру қызметінің, анықтаудың, тергеудің, әкімшілік және атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалауды, сотта мемлекет мүдделерін білдіруді, сондай-ақ заңда белгіленген жағдайларда, тәртіп пен шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын лауазымды адам.

Мыналар прокурорлар болып табылады: Республиканың Бас Прокуроры, оның бірінші орынбасары мен орынбасарлары, аға көмекшілері мен көмекшілері, ерекше тапсырмалар жөніндегі көмекшілері, прокуратура органдары департаменттерінің, басқармалары мен бөлімдерінің бастықтары және олардың орынбасарлары, барлық төмен тұрған прокурорлар, олардың орынбасарлары, аға көмекшілері мен көмекшілері, қадағалау саласындағы прокурорлар, прокуратура органдарының басқармалары мен бөлімдерінің аға прокурорлары және прокурорлары, сондай-ақ әскери, уәкілетті және арнаулы прокурорлар.

Әскери, табиғат қорғау, көлік, сондай-ақ арнайы объектілердің прокуратуралары мамандандырылған прокуратуралар болып ұғынылады.

2. Прокуратура органдарының негізгі міндеттері мен функцияларын атқаратын прокуратура органдарының лауазымды адамдарына сыныптық шендер немесе әскери атақтар беріледі.

Прокуратура органдарының, ведомстволары мен мекемелерінің сыныптық шендер немесе әскери атақтар берілетін лауазымды адамдарының тізбесін, сондай-ақ оларға сәйкес шекті сыныптық шендерді немесе әскери атақтарды Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

3. Әскери міндетті прокуратура қызметкерлері прокуратура органдарында арнаулы есепте тұрады.

**Ескерту. 48-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.01.06 № 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.04.27 № 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**49-бап. Прокуратура органдары қызметкерлерінің сыныптық шендері, әскери атақтары және нысанды киімі**

Ескерту. 49-бап алып тасталды - ҚР 2011.01.06 № 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
**З а ң ы м е н .**

## **50-бап. Прокуратура органдары қызметкерлерін құқықтық қорғау**

1. Прокурор жасаған әкімшілік құқық бұзушылық фактісі туралы хабарламаны кез келген тексеру прокуратура органдары өкілдерінің қатысуымен жүзеге асырылады.

2. Қызметтік міндеттерін атқаруы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, прокурорды әкімшілік ұстауға, жеке тексеріп қарауға, оның заттары мен пайдалануындағы көлігін тексеріп қарауға жол берілмейді.

Ескерту. 50-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.01.06 № 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
**Заңымен.**

## **51-бап. Атыс қаруын қолдану және арнайы құралдарды пайдалану**

Ескерту. 51-бап алып тасталды - ҚР 2011.01.06 № 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
**З а ң ы м е н .**

## **52-бап. Еңбекті құқықтық реттеу**

Мыналардың:

1) прокуратура органдары қызметкерлерінің еңбек қатынастары "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі;

2) прокуратура органдары қызметкерлерінің еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасымен реттеледі.

Ескерту. 52-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1999.07.23 № 454 (2000 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 1998.07.02 N 266, 2001.10.10 № 247, 2007.05.15 № 253, 2011.01.06 № 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік

он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 374-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **53-бап. Прокуратура қызметкерлерін материалдық және әлеуметтік қамсыздандыру**

1. Прокуратура органдарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеу Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі негізінде белгіленеді.

2. Прокуратура органдарының қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру, оларға мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 53-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.01.06 № 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **54-бап. Еңбек атқарған жылдары үшін үстеме ақы**

Ескерту. 54-бап алынып тасталды - ҚР 2001.10.10 № 247 Заңымен.

### **55-бап. Арнаулы қызмет стажы**

1. Прокуратура органдарындағы қызмет (жұмыс) мемлекеттік қызметтің арнаулы түрі болып табылады. Арнаулы қызмет (жұмыс) стажына прокуратура органдарындағы қызметтен (жұмыстан) басқа:

1) Қарулы Күштердегі, ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарындағы және басқа да құқық қорғау органдарындағы;

2) сот органдарындағы;

3) мемлекеттік қызметте болған қызмет (жұмыс);

4) заң мамандығы бойынша ғылыми және педагогтік жұмыс;

5) өкілді биліктің мемлекеттік органдарындағы сайланбалы лауазымдағы жұмыс уақыты есептеледі.

Ескерту. 55-бап жаңа редакцияда - ҚР 2001.10.10 № 247 Заңымен.

## **12 ТАРАУ**

### **Прокуратураны ұйымдастыру мен оның қызметінің өзге де мәселелері**

#### **56-бап. Прокуратура органдарын қаржыландыру**

Қазақстан Республикасының прокуратура органдарын қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 56-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енеді) Заңымен.**

#### **57-бап. Мөр мен куәліктер**

1. Республиканың Бас Прокурорына, оның орынбасарларына белгіленген үлгідегі куәлікті Республика Президенті береді.

2. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, прокуратура ведомстволарының, мекемелерінің және білім беру ұйымының басшылары, облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар бағынысындағы қызметкерлерге белгіленген үлгідегі куәліктерді береді.

3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының, оған бағынысты прокуратуралардың және прокуратура ведомстволарының, мекемелерінің және білім беру ұйымының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрлері, қазынашылық органдарында тиісті шоттары болады.

**Ескерту. 57-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.12.29 № 374-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 374-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **58-бап. Осы Заңның күшіне ену тәртібі**

Осы Заң жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

#### **59-бап. Осы Заңды іске асыру жөніндегі шаралар**

1. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы мыналарды әзірлеп, Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына:



1) Қазақстан Республикасының прокуратура органдарында қызмет өткеру тәртібі туралы Ережені;

2) прокуратура органдарының қызметкерлері Антының мәтінін ұсынсын.

2. "Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы" 1992 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 5, 104-құжат; 1993 ж., N 8, 179-құжат; 1994 ж., N 9-10, 148-құжат, 158-құжат; 1995 ж., N 3-4, 34-құжат) күші жойылған деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК